

Ж. Сабыралиев, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: М. Мәсәлімқызы, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)

ЖАСӨСПІРІМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕ ҚОРҒАЛУЫ

Барлық құқық түрлері сияқты баланың жеке басына қатысты заңның да ерекше тақырып ретінде қаралуы немесе оның жасөспірім құқығы мен балаға байланысты мемлекетаралық қатынастар тарихы жағынан ортаға жаңа шығып келе жатқан ұғым екені белгілі. Адамзаттың пайда болуынан бастап, өткен әр ғасырда қоғамның балаға деген көзқарасы да түрлі өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан бала және оның құқығын қорғау мәселелерін мәдениет пен құқықтың даму сатылары ішінен қарастыру қажет.

Жаңа құқық жүйесінде бала құқығы негізгі екі принципке сүйенуде. 1. Жасөспірім — бір адамзаттың баласы екендігі. Бұл принципке байланысты балаға адам ретінде қажетті қамқорлық пен мейірім көрсету қажет. 2. Бірлік принципі — баланың бір мемлекеттің және қоғамның ажырамас бөлігі ретінде қарау. Бұл екі принципке байланысты қазіргі модерн құқықтық жүйесі баланы қоғамдық қажеттілік үшін қорғау түрінде дамуда. Сол себептен бала қоғамдық қажеттілік үшін қорғауға алынады және мемлекет осы бағытта шығарылған заңнамалармен қамтамасыз етеді. Бала құқығын қоғамдық қажеттілік үшін қорғау десек те, кейбір мемлекеттерде, мәселен, Германия, Австрия және Франция сияқты елдердің ұлттық заңдарының ішінде бала мен жасөспірімге байланысты бірнеше бап болғанмен, жүйелі түрде шығарылған заңнамалар жоқ. Ал бұған қарсы Италия, Швейцария және Түркия сияқты мемлекеттер өздерінің ұлттық заңдарында, соның ішінде азаматтық кодекстерінде бала мен жасөспірімнің құқығын толығымен қамтып жазған. Қазақстан Республикасы Бала құқығы жөніндегі заңында да баланың міндеттері белгіленіп, оның құқықтық кепілдігі және баланың денсаулығын қорғау, жеке басының бостандығы мен өмірі, қоғамдағы рөлі, жекеменшік пен білім алу құқығы сияқты негізгі қағидалар белгіленген.

Еліміздің балалар құқығын қорғау, әрі қарай дамыту үшін және мемлекеттік құқықтық саясатының біртұтастығын қалыптастыру мақсатында Елбасы жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссия өзінің 2013 жылғы баяндамасында үкіметке ювеналдық юстиция жөнінде заң жобаларын дайындауды ұсынған. Сол ювеналдық юстицияға кіретін жүйелердің ішіне бала құқығымен айналысатын мемлекеттік құрылымдар мен ювеналдық соттар да көрсетілген.

Қазіргі таңда Астана және Алматы қаласында ювеналдық сот өз жұмысын атқаруда. Соттардың белгілі бір салада мамандандырылуы — қоғамдық қажеттіліктен туындап отырған мәселе. Егер ертеде тек шаруашылықпен айналысып, дау-дамайлар жер талабынан аспаса, бүгінгі күні күрделі қоғамдық және экономикалық қарым-қатынастан туындап отырған істер өндіріске келіп түсуде. Сондықтан азаматтарға кәсіби қызмет көрсету үшін, соның ішінде бала құқығының қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мамандандырылған ювеналдық соттардың басқа да өңірлерде ашылуы дұрыс басталған құқықтық саясаттың логикалық жалғасы болар еді.